

**Азаматтық қорғау органдарының
жұмысы мәселесі бойынша
Қоғамдық кеңес отырысының № 3 хаттамасы
(ТЖМ)**

Астана қ.

2024 жылғы 2 тамыз

Өткізу орны:

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің кеңес залы (Мәңгілік ел даңғылы, 8, 10 қабат).

Төрағалық еткен: Д.Д. Сатылғанов

**Азаматтық қорғау органдарының жұмысы мәселесі бойынша
Қоғамдық кеңес мүшелерінен қатысқандар
(ТЖМ):** Е.А. Баймулдинов, Р.Ф. Камалов, Е.Ж. Бахаев,
Н.Н. Тоқсанов, Қ.А. Мейрамов, М. Әбдіхалықұлы, Ж.Қ. Телеубаев.

бейнеконференцбайланыс режимінде: Қ.Е. Қыстаубаев,
М.С. Қайсанов, К.Е. Дүйсенов, Ю.А. Новожилов, В.Н. Ганагин.

Қатыспағандар: Қ.А. Тұрсынбаев, Ф.Л. Мордвинкин, Г.Т. Камарова,
А.А. Мәдиев, А.Ж. Дұрысбеков, Т.У. Омаров.

Шақырылғандар: Азаматтық қорғаныс пен әскери бөлімдер бойынша
комитет төрағасының міндетін атқарушы А.С. Советов

Күн тәртібінде:

1. Өнеркәсіптік қауіпсіздік жағдайы мен оны жетілдіру туралы.
2. Өрт қауіпсіздігінің жағдайы мен оны жетілдіру туралы.
3. Азаматтық қорғанысты жүргізуге дайындық, оның ішінде азаматтық қорғаныс күштерін басқару органдары, әскери қажығыстар мен олардың салдары кезінде қорғаныс әдістері мен іс-қимылдарына оқыту.

1. Өнеркәсіптік қауіпсіздік жағдайы мен оны жетілдіру туралы

(Қоғамдық тыңдау)

(Е.А. Баймулдинов, Д.Д. Сатылғанов, Н.Н. Тоқсанов, М. Әбдіхалықұлы, Қ.Е. Қыстаубаев)

1. Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті, облыстар, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының өнеркәсіптік қауіпсіздік департаменттерінің басшыларына техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын-алу мәселелері бойынша қауіпті өнеркәсіптік объектілердің басшылармен өзара әрекеттесу жолымен өнеркәсіптік қауіпсіздік бөлігінде азаматтық қорғаныс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша жұмысты күшейтуге ұсыныс беру.

2. Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетіне Қазақстан Республикасындағы өнеркәсіптік қауіпсіздікті цифрлі бақылауға, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы бақылау және қадағалаудың заманауи платформаларын жұмылдыра отырып (оның ішінде Министрліктің Геосервисіде жасалған

(Аумақтардың қауіпсіздік төлқұжаттары) Комитетті шұғыл түрде көшіру мүмкіндігін қарастыру.

3. Газды даярлау және өңдеу бойынша қауіпті өнеркәсіптік объектілер үшін Қазақстан Республикасының Инвестициялар министрінің 20214 жылғы 30 желтоқсандағы № 357 бұйрығымен бекітілген өнеркәсіптік қауіпсіздік ережелерін жандандыру, мүдделі мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың өкілдерін құрамға енгізіп, жұмыс тобын құру.

2. Өрт қауіпсіздігінің жағдайы мен оны жетілдіру туралы

(Қоғамдық тыңдау)

(Д.Д. Сатылганов, Р.Ф. Камалов, Н.Н. Тоқсанов)

1. Министрліктің Өртке қарсы қызмет комитеті төрағасының өрт қауіпсіздігінің жағдайы мен оны жетілдіру туралы баяндамасын қабылдау.

2. Өртке қарсы қызмет комитетіне «Азаматтық қорғау туралы» заңға азаматтық қорғау органдарына адамдар жаппай жиналатын және биіктігі 28 метрден асатын ғимараттарды пайдалануға беру сатысында өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігі туралы қорытынды беру жөніндегі өкілеттілік беру бөлігінде өзгерістер енгізу жөніндегі жұмысты жалғастыруға ұсынамыз *(«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтық қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы шеңберінде)*

3. Азаматтық қорғанысты жүргізуге дайындық, оның ішінде азаматтық қорғаныс күштерін басқару органдары, әскери қажығыстар мен олардың салдары кезінде қорғаныс әдістері мен іс-қимылдарына оқыту.

(Қоғамдық тыңдау)

(Сатылганов Д.Д., Советов А.С., Тоқсанов Н.Н., Кыстаубаев К.Е.)

1. Министрлікке «Азаматтық қорғау саласындағы ғылыми зерттеулер, даярлау және оқыту ұлттық орталығы» АҚ оқытушылар құрамын Министрліктің лайықты ардагерлері, ғылыми дәрежелері (атақтары) бар тәжірибелі қызметкерлермен жасақтау.

2. Азаматтық қорғаныс және әскери бөлімдер жөніндегі Комитетке Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 6 наурыздағы № 190 бұйрығымен бекітілген азаматтық қорғаныс жөніндегі санатқа жатқызылған ұйымдардың азаматтық қорғаныс жөніндегі іс-шаралары *«Үкілетті органның тиісті аумақтық бөлімшесімен келесілген, бекітілген құлақтандыру сызбасының болуы»* 64 тармағын алып тастауды ұсыну.

3. Азаматтық қорғаныс және әскери бөлімдер жөніндегі Комитетке заманауи қажығыстар мен халықты олардан қорғаудың тиімділігін ескере отырып азаматтық қорғау іс-шараларын өткізуді жетілдіру бойынша талдау жасау.


4. Азаматтық қорғаныс және әскери бөлімдер жөніндегі комитетіне Кадр және тәрбие жұмысы департаментімен бірлесіп Министрлікке әскери қызметке түсетін арнаулы атақтар, сыныптық шендер немесе біліктілік сыныптары бар құқық қорғау және арнайы мемлекеттік органдардың қызметкерлерін аттестаттау талаптарын әзірлеуді ұсынамыз.

4. Әр түрлі

(Сатылғанов Д.Д.)

Азаматтық қорғау органдарының жұмысы мәселесі бойынша Қоғамдық кеңестің (ТЖМ) 2024 жылға арналған жоспарының «2024 жылғы су тасқыны кезеңінің өтуінің нәтижелері туралы» 3 тармағы орындалған деп есептелсін.

Азаматтық қорғау органдары
жұмысының мәселері бойынша
Қоғамдық кеңестің (ТЖМ) төрағасы



Д. Сатылғанов